




*Сөз таптарының шығуы
мен дамуы және олардың
топтастырылуы*



**Сөз таптарының жалпы теориясы таза
практикалық міндеттерді шешу үшін,
яғни тілдердің ғылыми
грамматикаларын жасау үшін,
көптеген тілдерге тән, жалпылама
ортақ жайларды айқындау үшін қажет.**



И.И.Мещанинов: “Сөйлемде зат есім – бастауыш немесе толықтауыш, сын есім – анықтауыш, үстеулер – пысықтауыш, етістіктер – баяндауыш ретінде жұмсалады. Олай болса, сөз таптары сөйлем мүшелері болу арқылы бөлініп шықты”.

А.А.Потебня: “Сын есімдер зат есімдерден бөлініп шықты. Зат есімнен сын есімнің бөлініп шығуы дегеніміз – зат есімнің атрибутивті (анықтауыш) мүше ретінде қолданылуы”.


Көне дәуірде зат есімдер мен сын есімдердің жігі ажырамаған.

**Бір сөздің өзі үш түрлі сөз табына жатуы мүмкін.
М.: *ауыру*- зат есім (ескі *ауру*), *ауыру* – сын есім (*ауру* жүрек), *ауыру* – етістік (қолынан келетіні – қысы-жазы *ауыру*).**


**Бұлар – лексика-грамматикалық омонимдер.
Бұлардың зат есім сыңары – зат есімдерше, сын есім сыңары – сын есімдерше, етістік сыңары – етістіктерше түрленеді, сол сөз таптарының әрқайсысына тән категориялармен сипатталады.**



**1) ШЫҒЫС
СЛАВЯН**



**2) ОҢТҮСТІК
СЛАВЯН**



**3) БАТЫС
СЛАВЯН**

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи даму барысында біртіндеп жасалатындығын үстеулердің сөз табы ретінде қалыптасуынан да көрінеді.



М.: қазақ тілінде *босқа, зорға, бірге* (барыс сеп.); *кейде, қапыда, бірде* (жатыс сеп.); *жүресінен, кенеттен, бірден* (шығыс сеп.); *жайымен, ретімен* (көмектес сеп.); орыс тілінде: *вечером, порой, издавна, вплотную* т.б. Бұлар – үстеулер.

Есімдерден үстеу сөздер жасалыну үшін үш түрлі шарт керек

1. Есім сөздерге септік жалғауларының біреуі жалғанып, оның әбден орнығып қалыптасуы және көнеленуі;

2. Олардың мағына жағынан әуелгі төркіндерінен алшақтауы;

3. Пысықтауыш қызметінде жұмсалынуы.

Қазақ тіліндегі *сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған* тәрізді сөздер формасы жағынан – есімшелер. Бірақ бұлар тілдік табиғаты жағынан – сын есімдер. Өйткені олар ұдайы анықтауыш қызметінде жұмсала келіп, өздерінің есімшелік мағыналарынан айырылып қалған да, сын есімдерге айналып кеткен.

Сөз таптарының бір-біріне ауысуы сөздің лексикалық мағынасының өзгеруімен тығыз байланысты. Лексикалық мағынада өзгеріс болмай тұрып, бір сөз табының басқа бір сөз табына ауысуы мүмкін емес. Мәселен, жоғарыда айтылғандай, *ауыру* деген тұйық етістік семантикалық жақтан дами келіп, бұл күнде сын есім мағынасында да (*ауру адам*), зат есім мағынасында да (*ауруды емдеу*) қолданыла береді.

Сөз таптары бір-біріне ауысып жатады. Ол ауысу сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының өзгеруі нәтижесінде іске асады. Бір сөз табының екінші бір сөз табына ауысуына қарай ғылымда олардың атаулары да әр түрлі болып келеді.

Мысалы, басқа бір сөз табы зат есімге ауысса, оны зат есімдену//субстантивтену (*больной, ученый, трое*), сын есімге ауысса – сын есімдену//адъективтену (*қашаған, сүзеген*), есімдікке ауысса – есімдіктену//прономиналдану (*біреу* келіп кетті), үстеуге ауысса – үстеулену//адвербиалдану (*күнде, кешке, босқа, лажсыздан, қайта, жата-жастана*), шылауға ауысса – шылаулану//конъюнктену (*күн ашық, әрі ыстық*), етістікке ауысса – етістіктену//вербалдану (*Махамбет – ақын, Махамбет – батыр*) деп атайды.

Сөз таптары бірден емес, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп сараланды, дамыды. Олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категориялды мағынаға ие болады, морфологиялық жағынан тұлғаланады. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар бар. Мәселен, А.А.Потебня, А.А. Шахметов, И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов сияқты ғалымдар сөз таптарын *лексика-грамматикалық категория* деп қарайды.

Ф.Ф. Фортунатов болса сөз таптарын *морфологиялық-грамматикалық (формальды-грамматикалық) категория* деп қарайды.

О.П.Суник пен А.А.Реформатскийлер сөз таптарын таза *грамматикалық категория* ретінде қарастырады. Сөз таптарын *лексика-грамматикалық категория* деп қарайтын ғалымдардың пікірлері дұрыс.

Сөз таптарына тән жалпылама ортақ мағына тіл білімінде – жалпы категориялды мағына деп аталынады (Ол сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының жалпылануы арқылы бірігуінен жасалады).


Сөз таптары бір-бірінен

Біріншіден, жалпы категориялды мағыналары жағынан ажыратылады

Екіншіден, олар өздеріне тән грамматикалық белгілері арқылы (көптелу, жіктелу деген сияқты) ажыратылады

Морфологиялық белгі дегеніміз – бір сөз табындағы сөзді басқа бір сөз табындағы сөзден ажырататын грамматикалық формалардың белгілі бір жүйесі

Синтаксистік белгі дегеніміз – белгілі бір сөз табына қатысты сөздердің сөйлемдегі қызметі, яғни сөйлем мүшесі болу қызметі мен олардың басқа сөздермен тіркесу қабілеті.

The image features a decorative background with a light pink gradient and white floral patterns on the left side. A large, green, ribbon-like banner is centered on the page, containing text in a black serif font. The banner has a curved top and bottom edge and a central notch.

Сөз таптары дегеніміз – бір-
бірінен 1) жалпы
категориялды мағынасы, 2)
морфологиялық және 3)
синтаксистік белгілері
арқылы ажыратылатын,
лексика-грамматикалық
(дұрысы семантика-
грамматикалық) сипатқа ие
сөздер тобы екен.